



Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шарттарды жасасудың тәртібі туралы және Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат берудің тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 27 мамыр N 484. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.01.21. N 108 қаулысымен. ~P000108

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шарттарды жасасудың тәртібі туралы ереже;

Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат берудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған тізбеке сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 27 мамырдағы
N 484 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шарттарды жасасудың тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже барлауга, өндіруге, өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және пайдалануға арналған, коммерциялық мақсатта жалпы кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды жасасудың тәртібін айқындайды, сондай-ақ бұл келісім-шарттарды (бұдан әрі - Келісім-шарт) тіркеудің бірынғай ережесін белгілейді.

Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге арналған келісім-шарттарды жасасудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тиісті жылды мемлекеттік геологиялық зерделеуге жататын аумақтардың тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі белгілейді.

2. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес Құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы - Келісім-шарт бойынша тараптар болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Инвестмемком) барлауга, өндіруге, жалпы кең таралған пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және пайдалануға арналған Келісім-шарттарды жасасуға қатысты құзыретті орган болады.

Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері (бұдан әрі - әкім) коммерциялық мақсатта жалпы кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған Келісім-шарттар жасасуға қатысты құзыретті орган болып табылады.

4. Азаматтар, занды тұлғалар, шетелдік мемлекеттер, халықаралық ұйымдар Келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдаланушы бола алады.

Занды тұлға құрмaston, жер қойнауын пайдаланушылардың бірлестігі келіссөздер жүргізу үшін келіссөз тобын құрады. Келісім-шартқа мұндай бірлестіктің әрбір қатысушысы қол қояды. Занды тұлға құрмaston, жер қойнауын пайдаланушылар бірлестігінің ортақ құқықтары болады және Келісім-шарт бойынша ортақ міндеттер алады.

5. Пайдалы қазбаларды өндіру Келісім-шартты кен орнының қорларын мемлекеттік бағалағаннан кейін ғана жасасуға жатады. Бірлескен лицензияның негізінде барлауга және өндіруге Келісім-шарт жасасу үшін қорларды мемлекеттік бағалау талап етілмейді.

6. Келісім-шартты жасасудың мерзімі лицензияда көрсетіледі.

Келісім-шартты жасасудың мерзімін ұзартуға лицензиардың рұқсатымен, бірақ 6 айдан артық емес, лицензияға тиісті өзгерістер енгізу жолымен, екі мәрте рұқсат етіледі.

7. Егер тиісті ұзартуларды есептегенде Келісім-шартты жасасу үшін белгіленген мерзімнің ішінде тараптар келісімге келмесе, келіссөздер тоқтатылуы, ал лицензия кері қайтарылып алыны туіс. Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушының келіссөздерді жүргізуге және Келісім-шартты дайындауға байланысты барлық шығыстары өтелмейді.

8. Келісім-шарттарды жасасуға байланысты ерекшеліктер пайдалы қазбалар мен техногендік минералдық құралымдардың жекелеген түрлеріне қолданылады, пайдалы қазбалар мен техногендік минералдық құралымдардың тиісті түрлері туралы заң актілерімен айқындалады.

II. Келісім-шартты жасасудың тәртібі

9. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге лицензия алуы Келісім-шарт бойынша тараптардың келіссөздерді бастауы үшін негіз болып табылады.

10. Тараптардың алғашқы кездескен күні, бірақ 30 күннен кешіктірілмей, ал коммерциялық мақсатта жалпы таралған пайдалы қазбаларды өндіруге келісім-шарт бойынша - лицензиялар берілген күннен бастап 10 күннен кешіктірілмей, келіссөздердің басталуы болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушы Келісім-шарттың жобасын лицензиялардың, үлгілік Келісім-шарттың, қолданылатын құқықтардың негізінде дайындаиды және тараптардың алғашқы кездесуінде, бірақ 90 күннен кешіктірілмей, ал коммерциялық мақсатта жалпы таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарт бойынша - Келісім-шартты жасасу мерзімі аяқталғанға дейін 50 күннен кешіктірмей құзыретті органға ұсынады.

Құзыретті орган Келісім-шарттың жобасын алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей, ал коммерциялық мақсатта жалпы кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарт бойынша - 10 күннен кешіктірмей, ол бойынша, жер қойнауын пайдаланушымен тікелей келіссөз жүргізуі немесе жер қойнауын пайдаланушыға Келісім-шарт жобасының талаптарының қабылданғандығы немесе олардан бас тартылғандығы туралы хабарлама жолдауы туіс.

Құзыретті орган Келісім-шарт жобасының жекелеген талаптарынан бас тартқан немесе одан бүтіндей бас тартқан жағдайда, осы мерзімнің ішінде оларды жер қойнауын пайдаланушы ұсынған Келісім-шарт жобасына келіспеушіліктер хаттамасымен ресімдеп, өзінің талаптарын ұсынуға міндettі.

Жер қойнауын пайдаланушы келіспеушілік хаттамасында айтылған Құзыретті органның ұсыныстарымен келіспеген жағдайда келіссөздер, тараптар Келісім-шарт жобасының барлық талаптары бойынша Келісімге қол жеткізгенге дейін, бірақ осы Ереженің 6-тармағында белгіленген мерзімнен артық емес, жалғастырылады.

11. Құзыретті орган Келісім-Шарттың жобасын дайындау мақсатында басқа да мемлекеттік органдардың мамандарын тартуға, сондай-ақ кез келген мемлекеттік органдардан және уағдаластық бойынша өзге де ұйымдардан қажетті консультациялар алуға құқылы.

12. Келісім-шарттың жобасы оған қол қойылғанға дейін міндettі экономикалық, экологиялық және құқықтық сараптауларға жатады. Бұл ретте міндettі сараптама мына мемлекеттік органдарда:

Қазақстан Республикасының Экономика, индустрия және сауда министрлігінде, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша оның аумақтық органдарында - экономикалық сараптама, ал салықтық сараптама бөлігінде - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде немесе оның аумақтық органдарында;

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінде, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша оның аумақтық органдарында - экологиялық сараптама;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде немесе оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша оның аумақтық органдарында - құқықтық сараптама жүргізіледі.

13. Сараптамаларды тараптар Келісім-шарттың жобасын дайындау кезеңінде сараптаманың түріне қатысты оны тиісті мемлекеттік органға және/немесе сарапшыға жолдау жолымен жүргізеді.

14. Сараптама жүргізу мерзімі Келісім-шарттың жобасы мен сараптама жүргізу үшін қажетті құжаттар ұсынылған күннен бастап 30 күннен аспауы тиіс.

15. Сараптамаларды жүргізу үшін қажетті құжаттардың тізбесін тиісті сараптаманы жүргізуі мемлекеттік органдар белгілейді.

16. Мемлекеттік органдардың Келісім-шарттың жобасына сараптама жүргізуге байланысты барлық шығындарын зандарда белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдаланушы өтейді.

17. Келісім-шарттың жобасына Құзыретті органның өкілдері мен жер қойнауын пайдаланушының уәкілетті өкілдері виза қоюы тиіс.

18. Тараптар дайындаған Келісім-шарттың жобасы оған қол қойылғанға дейін міндettі түрде:

айналадағы табиғи ортаны қорғау мен жер қойнауын пайдалану және қорғау мәселелері бойынша - Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігімен, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - оның аумақтық органдарымен;

денсаулық сақтау мәселелері бойынша - Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - оның аумақтық бөлімшелерімен;

жұмысты қауіпсіз жүргізу және тау-кен қадағалау мәселелері бойынша - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетімен, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - оның аумақтық басқармаларымен келісіледі.

19. Келісу үшін лицензияның көшірмесі мен Келісім-шарттың виза қойылған жобасы ұсынылады, Келісуши мемлекеттік органның аталғандардан басқа, өзге де құжаттарды ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

20. Келісудің жалпы мерзімі тиісті мемлекеттік орган Келісім-шарттың жобасын алған күннен бастап 15 күннен аспауы тиіс.

Тиісті мемлекеттік орган келісудің жалпы мерзімінің алғашкы 10 күнінен кешіктірілмей тараптарға жазбаша нысанда өзінің ескертпелері мен ұсыныстарын беруге және жалпы мерзім аяқталғанға дейін Келісім-шарт жобасының талаптарын өзгерту туралы мәселені келісуге міндettі.

21. Келісілген Келісім-шарттың жобасына келіссөздер, сараптамалар жүргізілгеннен және келісулерден өткеннен кейін құзыретті органның басшысы немесе оның тапсырмасы бойынша өзге уәкілетті адам және жер қойнауын пайдаланушының уәкілетті өкілі қол қояды.

22. Келісім-шарттың талаптарын өзгерту және/немесе Келісім-шартты жаңа талаптармен толықтыру - Келісім-шартты жасасу сияқты тәртіппен жүргізіледі. Бұл ретте Келісім-шарттың өзгертілген және/немесе толықтырылған мәтіні сараптауға және келісуге жатады.

23. Келісім-шарттың қолданылуы заң актілерінде және/немесе Келісім-шартта көзделген негіздер және тәртіп бойынша ғана тоқтатылады. Лицензияны кері қайтарып алу Келісім-шарттың қолданылуының тоқтатылуына әкеп соғады.

III. Жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шарттың қол қойылғаннан кейін мемлекеттік тіркеудің және сақтаудың тәртібі

24. Жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шарт қол қойылғаннан кейін мемлекеттік тіркеуге жатады.

25. Жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шартты мемлекеттік тіркеу Инвестмемкомның ол туралы ақпараттарды жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шарттарды мемлекеттік тіркеудің тізіліміне кіргізу жөніндегі өкілеттігін жүзеге асыруын білдіреді.

26. Жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шартты мемлекеттік тіркейді:

барлауға, өндіруге, жалпы кең таралған пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және пайдалануға арналған келісім-шартқа қол қойылғаннан;

жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге арналған келісім-шарттың данасы Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінен және/немесе жер қойнауын пайдаланушыдан түскеннен;

коммерциялық мақсатта жалпы кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттың данасы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерімен және/немесе жер қойнауын пайдаланушыдан түскеннен кейінгі 10 күннің ішінде Инвестмемком жүзеге асырады.

27. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шартты мемлекеттік тіркеу Инвестмемкомның осындай мемлекеттік тіркеуге байланысты шығыстарын өтейтін жер қойнауын пайдаланушының тіркеу үшін алым шартымен жүзеге асырылады. Тіркеу үшін алымның мөлшері мен алынған сомаларды пайдаланудың тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша Инвестмемком белгілейді.

28. Инвестмемком жер қойнауын пайдалану жөнінде операция жүргізуге арналған келісім-шарттың мемлекеттік тіркелгендігі туралы тиісінше Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың немесе астананың әкіміне хабарлайды.

29. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге арналған келісім-шарттарға өзгерістерді және/немесе толықтыруларды тіркеудің тәртібі - Келісім-шартты тіркеудің тәртібі секілді.

30. Жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шарт, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар, егер Тараптардың келісімінде өзге неғұрлым жай мерзімдер белгіленбесе, тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

31. Жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шарттарды мемлекеттік тіркеудің тізілімін жүргізуінде мазмұны мен тәртібін Инвестмемком белгілейді.

32. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге

жасалған келісім-шарттарды сақтауды өздері белгілеген тәртіппен тиісінше Инвестмемком, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі және әкімдер жүзеге асырады.

Бұдан басқа, Инвестмемком Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен әкімдер жасаған және мемлекеттік тіркеуге келіп түскен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттардың көшірмелерін сақтауды да жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 27 мамырдағы
N 484 қаулысымен
бекітілген

Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге
рұқсат берудің тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже барлауға, өндіруге, өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және пайдалануға, сондай-ақ коммерциялық мақсатта жалпы кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат берудің тәртібін белгілейді.

Осы Ереже жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын, өз мұқтаждары үшін жалпы кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өндіруге арналған құқықтық кепілге беру, жер қойнауын пайдаланушының өзге де мүлкін кепілге беру жөніндегі қатынастарды реттемейді.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру - лицензияда көзделген жер қойнауын пайдалану мақсатында ақша (несие) тартуды қамтамасыз ету үшін

ғана рұқсат етіледі.

3. Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру - Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) кепіл туралы ережелерімен, сондай-ақ "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қантардағы N 2828 U962828_ Зан күші бар Жарлығымен (бұдан әрі - "Жер қойнауы туралы" Жарлық) реттеледі.

4. Жер қойнауын пайдаланушының лицензияның негізінде пайда болған құқығы кепілдің нысанасы болып табылады.

5. Жер қойнауын пайдалану құқығы лицензияның шарттарына сәйкес айқындалатын оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін ғана кепілдің нысанасы бола алады. Лицензияларды көрі қайтарып алу - жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі шартының тоқталуына әкеп соғады.

6. Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру тек Лицензиялық органның рұқсатымен ғана жүргізіле алады. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған рұқсат кепіл шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Барлауға, өндіруге, жалпы кең таралған пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және пайдалануға арналған жерқойнауын пайдалану құқығына қатысты лицензиялық орган Қазақстан Республикасының Үкіметі болады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жұмыс органдары Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Инвестмемком) болып табылады.

Коммерциялық мақсатта жалпы кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығына қатысты лицензиялық орган жергілікті атқарушы органдар (облыстық атқарушы органдар) бұдан әрі - әкім) болып табылады.

II. Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат берудің тәртібі

7. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге Лицензиялық органның рұқсатын алу үшін Инвестмемкомға, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - әкімге, жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат беруге өтінім беруі тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат беруге бірнеше өтінім беруге құқылы. Бұл ретте берілген өтінімдердің әрқайсысы қабылдауға жатады.

8. Өтінімде оның атауы, орналасқан жері көрсетіле отырып жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру көзделген нақты тұлға аталуы тиіс.

Өтінімге қоса:

жер қойнауын пайдаланушыда жер қойнауын пайдалану құқығының бар екендігін куәландыратын құжаттар (барлауға, өндіруге және барлаумен байланысты емес жерасты құрылыштарын салуға және пайдалануға арналған лицензия; коммерциялық мақсатта жалпы кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия);

бұл қаражаттарды пайдалану мақсатын көрсете отырып және тартылған ақшаның қайтарымдылығының есебімен және негіздемесімен бірге заемдық қаражатты тартудың және пайдаланудың техникалық-экономикалық негіздемесі беріледі.

9. Инвестмемком, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - әкім қабылдаған жер қойнауын пайдаланушының өтінімі жер қойнауын пайдаланушыға растайтын құжат берілуімен куәландырылады.

Өтінімдерді қабылдаудан осы Ереженің 8-тармағында көзделген барлық құжаттардың ұсынылмауы себебі бойынша ғана бас тартылуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі шартының жобасы өтінімдер қабылданған сэттен бастап 60 күннің ішінде Инвестмемкомға, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - әкімге ұсынылуы тиіс.

Жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі шартының жобасы көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда өтінімді жер қойнауын пайдаланушы кері қайтарып алған болып есептеледі.

10. Лицензиялық органның жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсаты немесе мұндай рұқсатты беруден дәлелді бас тартуы жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі шартының жобасы мен кепілді ұстаушының кепілдің нысанасын өзінің меншігіне айналдыруы кезінде лицензиялар мен келісім-шарттан туындейтын жер қойнауын пайдаланушының барлық міндеттерін орындауга міндеттемесі Инвестмемкомға, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - әкімге ұсынылған күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде қабылдануы тиіс.

Инвестмемком, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - әкім жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат беруден бас тартқан жағдайда өтінім берушіге тиісті құлақтандыру жолданады.

11. Лицензиялық органның жер қойнауын пайдалану құқығын нақты тұлғаға беруге рұқсаты әрбір мұндай беру жағдайында жеке беріледі. Жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын пайдалану құқығын кез-келген тұлғаға кепілге беруге жалпы рұқсат беруге жол берілмейді.

Рұқсат лицензиялар кері қайтарылып алынған немесе оның қолданылуы тоқтатыла түрған, лицензиялар жарамсыз деп танылған не жер қойнауын пайдаланушымен келісім-шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда

берілмейді.

Кепілдегі жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсатқа қайтадан кепілге беруге оның алдындағы кепіл туралы шарттарда тыйым салынған жағдайларда жол берілмейді. Қайта кепілге беру және қайта кепілге рұқсат беру осы Ережеде жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі үшін мазмұндалған рәсімдер сақтала отырып жүргізіледі.

12. Осы Ереженің 2-тармағында айтылған шарттардың бұзылуынан туындастын ақша тарту туралы шарттың және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі шартының талаптарын өзгерту бұрын берілген рұқсат пен жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі шартының қолданылуының тоқтатылуына әкеп соғады.

13. Жер қойнауын пайдаланушы белгіленген мерзімде рұқсат беруден бас тартылған немесе мұндай рұқсат беруден дәлелді бас тарту берілмеген кезде рұқсат беруді сот тәртібімен талап етуге құқылы.

14. Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат алты айдан аспайтын мерзімге беріледі. Егер рұқсатта қолданылу мерзімі көрсетілмесе, онда ол алты айлық мерзімге берілген болып есептеледі. Қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушының өтініші бойынша рұқсаттың қолданылу мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ алты айдан артық емес.

15. Осы Ереженің 7-тармағына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат беруге бірнеше өтінімдер берілген жағдайда рұқсат олардың әрқайсысына беріледі. Бұл ретте Инвестмемком, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - әкім берілген рұқсаттардың біреуі бойынша кепіл шарты туралы деректерді тізілімге енгізген сәттен бастап қалған рұқсаттар күшін жояды.

16. Жер қойнауын пайдалану құқығының кепілі шарты зандарда белгіленген тәртіппен ол тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Кепіл шарты тіркелгеннен кейін, жер қойнауын пайдаланушы Инвестмемкомға, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - әкімге тиісті деректерді тізілімге енгізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығы кепілінің тіркелген шартын ұсынуға міндетті.

17. Жер қойнауын пайдаланушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерін орындаған жағдайда кепілді ұстаушы Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен өзінің талаптарын қанағаттандыруды алуға құқылы.

18. Жаза қолданылған жер қойнауын пайдаланушының кепілге салынған құқығын сату шарттары мен өткізудің тәртібін Инвестмемком, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - әкім белгілейтін ашық сауда-саттықтар өткізу жолымен жүргізіледі.

19. Инвестмемком, ал жалпы кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - әкім берілген рұқсаттардың есебі мен олардың негізінде жасалған кепіл шарттарының тізілімін жүргізеді.

Берілген рұқсаттар есебінің мәліметі мұдделі тұлғалар онымен танысуы үшін қол жетімді болуы тиіс.

III. Жер қойнауын пайдалану құқығын қайта ресімдеудің тәртібі

20. Осы Ереженің 5, 12-тармақтарында көзделген жағдайларда кепіл шарты тоқтатылған кезде осы келісім-шарттық аумаққа жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған және лицензияны Лицензиялық орган кепілді ұстаушыға бұрын берілген лицензиялардың шарттарын сақтау арқылы тікелей келіссөздердің негізінде беруі мүмкін.

21. Ашық сауда-саттықтардың жеңімпазына, ал егер ашық сауда-саттықтар еткізілмеген жағдайда - кепіл ұстаушыға жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия қайта ресімделеді және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жасауға арналған келісім-шарт бойынша кепіл берушінің құқықтары мен міндеттері оған ауысады.

22. Жер қойнауын пайдаланудың кепілге берілген құқығы сатылған кезде Лицензиялық орган бір айлық мерзім ішінде лицензияны ашық сауда-саттықтардың жеңімпаздарына немесе кепіл ұстаушыға қайта ресімдеуге міндетті.

Ашық сауда-саттықтың жеңімпазына немесе кепіл ұстаушыға лицензиялар беру үшін қосымша конкурстар немесе келіссөздер жүргізу талап етілмейді.

Қайта ресімделген лицензиялардың мазмұны, лицензиат туралы мәліметтерді қоспағанда, жер қойнауын пайдалануши - кепіл берушінің лицензияларының мазмұнына толық сәйкес келуі тиіс.

23. Лицензиялар ашық сауда-саттықтардың жеңімпазына немесе кепіл ұстаушыға қайта ресімделген сәттен бастап бір айлық мерзім ішінде Инвестмемком лицензияларды иеленушілермен жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасасуға міндетті. Жер қойнауын пайдаланудың шарттары, жаңа жер қойнауын пайдаланушиның құқықтары мен міндеттері келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдалануши - кепіл берушінің құқықтары мен міндеттеріне толық сәйкес келуі тиіс.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1998 жылғы 27 мамырдағы
N 484 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің

ТІЗБЕСІ

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланушылармен контрактілер жасау және оны орындау жөніндегі Құзыретті органы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 мамырдағы N 646 Р960646_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 24, 204-құжат).
2. "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған Контрактілерді тіркеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 шілдедегі N 903 Р960903_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 31, 284-құжат).
3. "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін контракттар жасасу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1092 Р961092_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 36, 345-құжат).
4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 мамырдағы N 646 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 қарашадағы N 1458 қаулысы.
5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 6 желтоқсандағы N 553 өкімі.
6. "Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 сәуірдегі N 526 Р970526_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 15, 122-кұжат).

күжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК